


«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.1, Ч.2 - С.206-207

## ҰЛТТЫҚ КЕҢІСТІК МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚҰРУДАҒЫ САНДЫҚ ТОПОГРАФИЯЛЫҚ ПЛАНДАР МЕН КАРТАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Альбосынова М.*

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында "кеңістіктік деректердің ұлттық инфрақұрылымы" жобасы енгізілген болатын. Кеңістіктік деректердің ұлттық инфрақұрылымы – кеңістік мәліметтерін алуға, барлығына қолжетімді болуға, оларды тиімді пайдалануға бағытталған технологиялар, стандарттар мен уағдаластықтар жиынтығы. Стандарттар, заңдар, ережелер, нұсқаулықтар, метамәліметтер және осы сияқты көптеген маңызды ақпараттар ҰКМИ – ның негізгі құраушылары болып табылады.

ҰКМИ құру үшін бастапқы мәліметтер ретінде қолданылатын ортофотожоспар, жер бедерінің сандық моделі, жер бетінің ситуациялық жағдай (1–сурет) сынды ақпараттардың маңызы орасан зор.



1–сурет. ҰКМИ деректер жиыны

Ортофотожоспарларды ашық көздерден, қажетті масштабта алып, қажет болған жағдайға масштабын өзгертіп қолдануға болады [1], дегенмен, оларды өз координаталық жүйемізде пайдалану артықшылықтары өте көп. Себебі; ҰКМИ барлық сала қызметкерлері пайдаланып, тиісті мамандар геопортал арқылы өз мәліметтерін енгізіп отырады.

Жаңартылған цифрлы топографиялық карталар мен қалалардың, аудан орталықтарының жоспарлары, аэроғарыштық суреттер және олардың негізінде орындалған ортофожоспарлар ашық карта үшін бастапқы материал ретінде қызмет етеді. Дәлдік пен мазмұн бойынша бірыңғай талаптар негізінде жасалған ашық карталар геоақпараттық жүйелерді ақпараттық қамтамасыз етудің негізін құрайды, ал олардың жиынтығы кеңістіктік деректер базасын құруға мүмкіндік береді. [2] елімізде сандық топографиялық карталар мен пландар біркелкі ретпен жасалғанымен олар барлығына бірдей қолжетімді емес. Оларды ашық түрде қолдану үшін құпия мәліметтер сүзгісінен өткізіп, ашық қолданысқа ұсынуға болады. Геодезия және картография саласының мамандары аталған жобаны іске асыруда ұлттық координата жүйесін құру мен қордағы СТК мен СТП ашық қолданысқа келтіріп, ҰКМИ құруда басты негіз ретінде пайдалануға жағдай жасайды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Application of GIS technologies to monitor secondary radioactive contamination in the Delegen mountain massif, IOP Conference Series / O.Alipbeki, G.Kabzhanova, G.Kurmanova, Ch.Alipbekova // Earth and Environmental Science, 2016

2. Статъя "Тұтынушыға ашық карталар"; Интернет ресурс: Gislab.info <https://egemen.kz/article/185239-tutynushygha-ashyq-kartalar>